

Бір тұтас тәрбие жоспары бойынша ұлттық ойындар «Ханталапай»,
«Теңге алу», «Сақина салу»

Мақсаты: ұлттық ойындарға қызығушылықтарын дамыту.

Міндеті: қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық дене қозғалыс белсенділігін арттыру.

Қажетті құралдар: Арқан, асық, теңге, резина, қоржын, майда доптар.

I. Кіріспе бөлім.

Тәрбиеші: Құрметті әріптестер! Бүгінгі «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады» атты спорттық ойындар жарысына қош келдіңіздер! «Балауса» тобын ортаға шақырайық.

Қаражорға әуенімен балалар ортаға шығады.

Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу.

Гимнастикалық оңға, солға бұрылу жаттығулары.

Баяу бір қалыпты қатар бұзбай жүру, жүгіру.

Ентік басу жаттығулары.

Қатарда жүріп орындалатын гимнастикалық жаттығулар.

Балалар екі топқа бөлінеді.

II. Негізгі бөлім

Тәрбиеші: балалар сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз.

Осы топтардың жарысына әділ бағасын беретін сіздерсіздер. Сіздердің қолдарыңыздағы топтың түсіне қарай жасыл және қызыл түсті таяқшалармен бағалап отырасыздар. Қай түс басымырақ болса, сол топқа 1 ұпай қосылады.

Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныс болыңыздар.

Ханталапай

Сақина салу

Теңге алу

1-ойын: Ұлттық ойын «Ханталапай»

Ойынның шарты: Екі топ шеңбер бойымен отырады, қай топ асықты көп жинайды, соған ұпай береді

2-ойын: Ұлттық ойын «Теңге алу»

Ойынның шарты: Керілген арқанның үстімен жүріп, жерде жатқан теңгелерді жинау.

3-ойын: Ұлттық ойын «Сақина салу»

Ойыншылар екі алақанын беттестіріп, қысырыңқырап, қолдарын алға соза тұрады. Жүргізуші сақинаны салып болған соң, ортаға шығып, «Сақинам кімде?» деп дауыстап сұрайды. Сол уақытта қолында сақина қалған ойыншы жан - жағында тұрғандарға білдірместен ортаға жүгіріп шығуы керек. Егер екі жағында тұрған адам ұстап қалса, ортағашығушы жаза тартады.

III. Қорытынды бөлім

Балаларды сапқа тұрғызу. Тыныс алу жаттығуын жасату.

Осымен ұлттық спорттық сайысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!

Балалар музыка әуенімен алаңнан шығып кетеді.

